# Халқының қайсар азаматы

Жақында аудандық орталық кітапхананың ұйымдастыруымен ғалым - физик, техника ғылымының докторы, профессор, Халықаралық Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, университет ректорларының халықаралық ассоциациясының мүшесі, Орталық Қазақстан жоғары оқу орындары ректорлары аймақтық кеңесінің төрағасы Жамбыл Ақылбаевтың туғанына 85 жыл толуына орай «Халқының қайсар азаматы» атты вернисаж кеші өтті. Кеш барасында Ж.Ақылбаевтың өмір жолы жайлы бейнеролик көрсетілді. «Алты Алаштың ардақтысы» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды және инсталяциялық көрме таныстырылды. Жамбыл Ақылбаев атындағы музей қызметкері Фая Жүнісовамен «Парасатты тұлға» тақырыбында Ж.Ақылбаевқа арналған музейдің жұмыс барысымен және өткізілетін шаралар бойынша мәлімет берді, академик Ж.Ақылбаевтың өмірі жайлы, қызметі, атақ дәрежелері, марапаттары және де мұражайда өзі қолданған заттары мен кітаптарын таныстырды. Мектеп пен музейге Ж.Ақылбаевтың есімі қай жылы берілгені жайлы мәліметтермен де ой бөлісті.

Ғалымның көзін көрген, өнегесін естіген Жарылғапұлы Ертай ағамыз Жамбыл Сәулебекұлы жайлы ой толғап, еселі еңбектерін, шығармашылық жетістіктерін айта келіп, ғалымның әрбір ұлағатты ісі кейінгі ұрпақтарға үлгі өнеге екендігін тілге тиек етіп өтті.



«Жақсының аты өлмейді» деген бабадан қалған асыл сөз, қазақтың біртуар осындай асыл азаматтарына арналса керек.

**А.МЕДЕУБЕКОВА,**
**аудандық орталық кітапхананың кітапханашысы.**

Шет өңірі. - 2023. - 27 шілде (№30). - 3 б.